

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

2023 жылғы 27 қараша

Астана қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 92

город Астана

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
2024 жылға арналған комиссиялық
сыйақысының шамасын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасының Әлеуметтік кодексі 58-бабының 2 және 5-тармақтарына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2024 жылға арналған комиссиялық сыйақысының шамасы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кіріс сомасының 1,5 пайызы мөлшерінде бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің монетарлық операциялар департаменті (Н.А. Тұрсынханов) осы қаулыны «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің орталық аппаратының мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

3. Осы қаулы 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.М. Молдабековаға жүктелсін.

Төраға

Т.М. Сүлейменов

Көшірмесі дұрыс:
Бас маман-Басқарма хатшысы

Ж.Мұхамбетова